

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
2022-2023 оқу жылында “Ділмар” дебат клубы атқарған іс-
шараларының талдауы**

2022-2023 оқу жылында «Ділмар» дебат клубының жоспары жасақталып, бекітілді. Клуб құрамында 30 оқушы бар. Клуб жетекшісі Шамова А.Е.

Дебат қозғалысының мақсаты:

қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Дебаттың міндеттері:

1)білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;

2)клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

3) білім алушыларды дебаттық қозғалысқа жаппай тарту, мәдени-дәмалыс және ағарту қызметінің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде, білім беру ұйымдарында дебаттық орталықтар, клубтар құру;

27 – қыркүйек күні "Ділмар" дебат клубының жылдық жоспарына сәйкес жетекшісі А.Е.Шамованың ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында дебат өткізілді. Пікірсайыс «Мектеп оқушыларында жауапкершілік бар ма?», «Табиғат және жаңа технологиялар» деген тақырыптарда өрбіді. Оқушылар арасында сыни, креативті ойлау сияқты қасиеттерді дәріптеу мақсатында өткен шарада «Үкімет» және «Оппозиция» өз пікірлерін білдіріп, қарсы тараптардың ойларын тыңдады. Қорыта келе, Мамажонов Дастанбек, Қоянбай Сабина шабыттың шыңында шебер сөз ерекшелігімен топ жарып, үздік өнер көрсетті.



Республика күні қарсаңында мектебіміздің "Ділмар" дебат клубының жетекшісі Ақмарал Есенгелдіқызының ұйымдастыруымен "Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында дебат өткізілді. Оқушылар берілген қарарларды ашық алаңда талдай отырып, өз ойларын айқын жеткізе білді. Пікірсайыс Республика күнінің мерейін көтеріп, тәуелсіз Қазақ елінің сапалы спикерлерін шыңдау, дамыту мақсатында өтті.



"Ділмар" дебат клубы "Мен және менің құқығым" тақырыбында пікірсайыс өткізді. Іс-шара құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақтөбе орта мектебі ұйымдастырған "Тәуелсіздік - қасиет тұнған ұлы ұғым" атты қалалық дебат турнирінде сөз шеберлігі мен ой ұшқырлығын көрсетіп, "Дарындылар" номинациясына Мамажонов Дастанбек пен Қоянбай Сабина "Ділмар" фракциясы ие болды.

16-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Ділмар" дебат клубы "Тұғыры биік- Тәуелсіздік!" атты пікірсайыс өткізді.

20-мамыр «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз – М.Арын» тақырыбында қалалық дебат турнирі өткізілді.



Жетістіктер:

1. «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» қалалық турнирде «Дарындылар» номинациясы 2022 жыл;
2. «Ұшқыр ой мен шешен тіл» қалалық турнирде «Алғыс хат» 2023 жыл;
3. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткізілген «Мейірімділік жүректен» облыстық турнирінде «Алғыс хат» 2023 жыл;
4. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткізілген турнирде Б.Өтесін жүлделі 2-орын; 2023 жыл
5. «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз-М.Арын» қалалық турнирінде 2-орын; 2023 жыл

Директор Ж.Т.Жанайдаров
Клуб жетекшісі А.Е.Шамова

